

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2024 жылға арналған зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі

Ең төменгі жеткіліктілік шегінің мөлшері бұрынғы деңгейде қалды

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес, «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) жыл сайын келесі қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы заң ресми жарияланғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ өзінің интернет-ресурсында алдағы жылға есептелген зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегін (ТЖШ) жариялауға міндетті.

Осы талапты орындай отырып, БЖЗҚ 2024 жылға арналған ТЖШ жариялайды.

2024 жылға арналған ТЖШ мөлшері 2023 жылғы ТЖШ деңгейінде қалатынын хабарлайды.

Естеріңізге сала кетейік, ТЖШ – бұл ай сайынғы зейнетақының мөлшерін ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем емес деңгейде қамтамасыз етуге қажетті зейнетақы жинақтарының (*міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған*) ең төменгі мөлшері. Бұл әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге, сондай-ақ болашақ зейнетақы жарналарының болжамды есептеулеріне (*ең төменгі жалақы мөлшерінен*) және инвестициялық табыстылыққа сүйене отырып анықталатын зейнетақы жинақтарының бағалау сомасы. Басқаша айтқанда, ең төменгі жеткіліктілік шегі – бұл салымшының зейнет жасына жеткенде ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем емес зейнетақы төлемдерін (*ең төменгі базалық зейнетақы төлемін ескере отырып*) алуы үшін шотта қалуға тиіс ең төменгі көрсеткіш.

ТЖШ есептеу Зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес жүргізіледі (*ҚР Үкіметінің 30.06.2023 №521 Қаулысымен (бұдан әрі – №521 Қаулы) бекітілген*).

Әдістемеге сәйкес, 2024 жылға арналған ТЖШ есептеу кезінде 2024 жылға арналған төмендегі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер¹ пайдаланылды:

- 1) ең төменгі жалақы мөлшері - 85 000 теңге;
- 2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері - 28 215 теңге;
- 3) зейнетақының ең төменгі мөлшері-57 853 теңге;
- 4) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 43 407 теңге.

Ең төменгі жеткіліктілік шегінің мөлшерін бұрынғы деңгейде сақтау (2023 жылмен салыстырғанда өсірмей, өзгеріссіз қалдыру) ішінара кірістің болжамды жылдық пайыздық мөлшерлемесінің жоғарылауымен де байланысты.

Осылайша, бекітілген әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер мен болжамды есептеулерді ескере отырып, 2024 жылға арналған ең төменгі жеткіліктілік шегінің мөлшері ағымдағы деңгейде сақталады.

БЖЗҚ Youtube арнасы үшін түсірілген [бейнетүсініктеме](#).

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

¹ «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес.

